

*T.E.KARTAEVA*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ҮЙЛЕНУ САЛТЫНДАҒЫ ҚАЛЫҢ МАЛ БЕРУ РӘСІМІ**

### **Аннотация**

Қалың мал - қазақ халқының үйлену, некелесудегі дәстүрлі ғұрыптық салтында қалыңдық үшін берілетін мал жиынтығынан тұратын кәдесі. Берілген қалың мал қалыңдықтың жасауына, сөукелесіне, той жабдығына жұмсалған және қалыңдық жасау қалың мал көлеміне сай келген. Қызды қалың мал толық төленіп болған соң ұзатқан. Қалың мал бас жақсы, кара мал, жанама жақсы, ілу, той малы, сүт ақысы деген белгітерден тұрған. Қалың мал көлеміне алғаш құда түсер рәсімінде келісken, келісім батамен бекітілген. Қалың мал көлеміне келісім күйеу баланың отбасының әлеуметтік жағдайына қарай шешілген, кедейлер арасында қалың мал көлемі женілдетіліп бекітіліп, балама қалың мал, дөңгелек қалың мал деп аталды. Қалың мал көлемі, қалың малды беру және қайтару реті әдеттік құқықтық ережемен бекітілген.

**Тірек сөздер.** Қалың мал көлемі, құда түсу, қалыңдық жасауы, неке келісімі.

**Ключевые слова:** Размер калыма, сватовство, приданое невесты, условия брака.

**Keywords:** size of kalym, matchmaking, dowry of the bride, the marriage condition.

Дәстүрлі қазақ қоғамында құдаласу дәстүрі «қалың малсыз» шешілмеген, әрі қалың мал беру ертеден қалыптасқан дәстүр. Құда түсуге баар алдында әulet аксақалдары жиналып «мәжіліс» немесе «мәслихат» құрып, өзара ақылдасып, құдалыққа кімдер баратынын шешкен. Құдаласу шешімі қабылданған соң ұл әкесі қызы әкесінің ауылына қызды айттыруға «жасашы» жіберген. Жауышының міндепті – қызы әкесін көндіріп, келісімін алғып, қызға құда түсуге келер күнді белгілеп қайту. Жауышы бүйімтайын жеткізіп, «қарғыбау» деп аталатын қаде-сыйын береді, өзі «шеге шапан» деп аталатын қаде, яғни ат мініп немесе шапан киіп қайтады. Қызы әкесі құда түсуге келісімін берсе, кәдесін беріп жатып, «кийт киіп, сойыс жеп, құда түсіп қайтсын», - дейді, содан кейін ұл әкесі ағайындарын алғып құда түсуге барады. Құдалар саны 3 тен 9 адамға дейін болған [5, с.15]. «Қорқыт Ата кітабы» баянында Бай Бурабек ұлы Бәрікке Бану Шешекті айттыруға жауышы

ретінде Қорқыт Атаны жіберген, себебі Бану Шешектің ағасы Дели Қаршар қарындасын айттыра келген жаушының бәрін өлтірген [12, 146-б]. Дели Қаршар қарындасы Бану Шешекті Бәрікке беру үшін қалың малына мың бура, мың айғыр, мың қошқар сұраған [12, 147-б].

Қалың малдың көлемі күйеу жігіт әкесінің әлеуметтік жағдайына байланысты болды. Сыр өнірі қазақтарының қалың мал көлемін Қ.Қостанаев үш категорияға, ауқаттылар, орташалар, кедейлер арасында деп бөліп қарастырған. Қ.Қостанаев бойынша, бай қазактардың қалың малының қара мал болігі-47 басты құрады, яғни бас жақсы – 9 түйе, 8 құлышы – 16 бас мал, 3 жасар құнан-құнажын – 8 бас, 2 жасар 7 бас тай, жеке ту бие – 1 бас; жанама жақсы – 1 жылқы немесе 1 түйе, 1 жылқы; аяқ жақсы – 1 түйе, 1 жылқы, 1 ірі қара және мылтық. Орта тұрмысты адамның қалың мал көлемі 27 – дән 37 бас малға дейін камтылды. Кедейлер тұрмысында қалың мал «дөңгелек қалың мал» деп аталып, 7-ден 9 бас малды құрады, кейде кедей отбасында екі жақтың келісімі бойынша бір-біріне сый-кәде бермей екі жасты қосқан. Кей жағдайда жылқы, түйе орнын қой ауыстырып, 1 бас жылқы немесе 1 бас түйе 6-8 қойға тең болған [8, с.24]. Ал, И.И.Ибрағимов бойынша, қалың мал көлемі ақсүйектер арасында – 57, байлар арасында – 37, орташалар арасында – 27, кедейлер арасында – 17 бас малды құраған [7, с.128]. М.Лавров бойынша, байлар арасында қалың мал 57-77 бас жылқы болған [9, с.35-36]. Г.Загряжский, П.Е.Маковецкий де ең төмен қалың малдың 17 бас болғанын айтады [14, с.129; 224, I, с.5]. Г.Загряжскийдің бақылауынша Сыр-Арал өнірінде бай қазақтардың қалың малы 47 бастан 100 басқа дейін (900-1000 рубльден 5000 рубльге дейін) барған [14, с.129]. Сыр қазақтарының қалың мал мөлшерінің көлемі солтүстік-батыс қазақтарының қалың мал мөлшерінен онша айырмашылығы болмаған [16, л.4].

Н.И.Гродековте Перовск уезінің биі Мекебай Сұлтанбаевтан жазып алған дерегіне сүйене отырып, қалың мал төлеудің көлемін үш категорияға, біріншісі байлар арасында, екіншісі – орташалар арасында, үшіншісі кедейлер арасында деп бөлген және қалың малдың көлемінің құдалардың әлеуметтік статусына, жағдайына қарай шешіліп отырғандығын ашып көрсеткен. Перовск уезі қазақтары арасында қалың малқара мал, бас жақсы, сүт акы, той мал, ілуден тұрған. Қара малқалың малдың негізгі бөлігі, бұны қалыңдықтың құны десе де болады. Қара малды құрайтын қырық жетінің құрамында жанама жақсы, жеке ту бие, жылқы, қалың түйе болды. Бас жақсыға малмен қатар күттер де енді [4, с.79]. Осылайша, қалың малдың көлемі ауқаттылар, орташа ауқаттылар, кедейлер арасында әр түрлі болып, айырмашылықтары мал басынан көрінді. Мысалы, қара мал ауқаттылар арасында – 60 саулық, 60 тоқты, орта ауқаттыларда – 40 саулық, 40 тоқты, кедейлер арасында – 30 саулық; бас жақсы ауқаттыларда – 60 тұсақ, орташаларда – 40 тұсақ, кедейлерде 1 түйе, 1 жылқыны құраған; той малға ауқаттылар – 100 қой, ілуге 10 түйе, 20-30 жылқы берсе, орташалар осыған пара-пар немесе одан азырақ берген. Ал кедейлер шамашарқылары келгенше ғана азын-аулақ мал берген немесе мұлдем бұл кәдені орындаған.

Н.И.Гродеков бойынша қалың малдың құнын ақшалай беруді «домалақ қалың мал» деп атапады. Мысалы, Перовск уезінде қара мал көлеміндегі 60 саулық пен 60 тоқты 500 рубльға тең болған [4, с.78-79]. Дегенменде, Сыр бойы қазақтарының қалың мал көлемінде үш категория бойынша да Сырдария облысының басқа уездерімен салыстырғанда айырмашылық болды. Мысалы, Әулиеата уезінің ауқатты қазақтары арасында қара мал – 8 құлышы бие, 12 бойдақ қой немесе 80 саулық 40 бойдақ қойдан; бас жақсы 5 – 12 түйеден; аяқ жақсы – 3 түйеден; той мал 9 – 20 жылқыдан тұрған. Ал, Шымкент уезі ауқатты қазақтары арасында 47-ні құраған қалың малкөлемінде 8 құлышы бие, оның төртеуін 60 қой ауыстыра алған; 2-4 жасар 12 бойдақ жылқы, оның алтауын 30 қой ауыстыра алған; қалған 6 жылқыны ту ат, жас ат, жанама ат, жеке ту бие, желітөбе түйе құраған. Сондай-ақ, бұған қосымша үй жыртыс, көкпар, бәйгеге тігілетін жүлделер алып келген [4, с.79-82].

Ә.Диваевтың Шымкент уезінен жазып алған дерегі бойынша, қалың малдың ең жоғарғысы 8 құлышы бие, 13 жылқы, 9 түйеден тұрған, қыз әкесі құда тусуғе келген құдаларына 100 қой көлемінде сый береді, ұлдың әкесі «бата аяқ» құдасына бір түйе, бір жылқы жібереді, оны алып барған адамдарға қыздың әкесі ат беріп, шапан жауып қайтарады. Соңан соң ұлдың әкесі құдасын үйіне шақырып, қалың малдың алғашқы үштен екі бөлігін беріп және де құдалыққа мал алғалы барғандарға түйе, ат-шапан жауып қайтарады [5, с.16].

Торғай өнірінде қалың мал көлемі байлар арасында – 100-150 бас малды, орташалар арасында – 75-100 бас малды, кедейлер арасында баламалы қалың мал – 20-40 бас малды, дөңгелек қалың мал – 10 бас малды құрады [3, с.78]. Ф.Лазаревский Орынбор қазақтарының айтуды бойынша: «Ең жоғарғы қалың мал алты жиырма болып есептеледі. Қазақтар жиырманы не 60 қойға немесе 16 ірі

қараға немесе 2 түйе мен 2 жылқыға немесе 4 түйеге теңестіреді... Алғашқы екі жиырма жоғарыда көрсетілген мал түрімен есептеледі, үшінші жиырма түйе, жылқы, өгіз бен мылтықтан тұрады, төртіншісі біріншісімен бірдей, оған қосымша жақсы ат пен жас жөне көрі екі бие беріледі, бесіншісі төртіншісімен бірдей, оған сауыт қосылады. Барлық алты жиырманы, шамамен, 400 руб., күміс деп есептеуге болады. Бұл қалындық үшін ең жоғарғы төлем. Ең төменгі төлемнің мөлшері  $\frac{1}{2}$  немесе  $\frac{1}{4}$  жиырма: шамамен 30-15 күміс руб.», - деген мәліметті жазып алған[13, №154].

«Азиатская Россия» жинағының авторлары: «Перовск уезінде бай қазактың қалың малы 500 рубль, 3 түйе, 2 жылқы, 1 құлынды бие, 100 қой той мал ретінде той атқаруға, жасау ақысына берілген, ертеде қалың мал көлеміне «жасау ақысы» еніп, жаңа киіз үй жасатуға 10 түйе, ішкі жабдықтарына 20-30 жылқыға дейін берген, қалың малдың ең төмені 27 бас малдан тұрған», -дейді [1, I, с.161]. Бұл жинақтың авторлары «жасау ақысы» деп көрсеткен қалың мал бөлігін «ілу»ретінде қабылдау керек. Ал, П.Е.Маковецкий бойынша ілуге түйе, жамбы, кілем, мата берілген. Қалың мал көлеміндегі 1 жылқыны 6 қой ауыстырыған. [10, I, с.16].

Қалың мал көлемі уақыт өткен сайын, заманына сай өзгеріске еніп отырған. Мысалы, Лев Баллюзек бойынша, ертеректе бас жақсы «ең құнды, ең жақсы» деген сөзді білдірген. Бұған құнделікті тұрмыста төрт зат кіреді. Яғни, мерген мылтық; жаугершілікте жаңынды сақтайтын сауыт; бейтеге салатын жүйрік ат; тұрмысқа қажетті күш мол түйе. Бұл төрт заттың әрқайсының құны – 5 ірі малға пара-пар, яғни аталмыш құнды заттары жоқ адам орнына жиырма ірі мал берген. Кейін келе, шамамен XIX ғасырдың ортасында бас жақсының мәні өзгеріп, аталаған төрт заттың орнына тұрмысқа қажетті керекті дүниелер немесе мал, не ақша берілген. Мысалы, Торғай уезінде бас жақсыға 3-12-дайін жылқы немесе 100-300-ге дейін, тіпті 600-1000-ға дейін күміс ақша берген [3, с.74-75].

Торғай облысында қара мал байлар арасында – 47 бас, орташалар арасында – 37 бас болған, жанама жақсыға жеке ту бие, тұсақ, ілуге - 10 түйе немесе 30дан 80 жылқы, той малға 20-дан 70 жылқыға дейін, сүт ақыға 1-ден 7 түйеге дейін берілген. Ілуді күйеу жігіттің ұрын келгенде әкелген. Ілу берудің де аймақтық ерекшелігі болды, ілу беру күйеу жігіттің ұрын келіп тұруына кепіл деуге де болады. Торғай өнірінде ілудің көлемі қара мал көлемінен кем болмаган. Бай күйеу жігіт ілуге 30 дан 80 жылқыға дейін берген [3, с.76-77]. Ы.Алтынсарин бас жақсыны қалың малдан бөлек келісіп, оны күйеу жігіт қалындықтың сәүкелесіне арнал берген, бай қазақ бас жақсыға 500-600 сом, орта дәүлеттілер 200-300 сом берген, - деп түсіндірген [2, 5-л.]. Сондай-ақ, күйеу жігіт қалың мал үстіне 2 түйеден тұратын жігіт түйе немесе қалың түйе деп аталағын кәде берген, оны қалындықтың ата-анасы қыздың сәнді көйлегі үшін алған [3, с.77].

Жоғарыда келтірілген мәліметтер қалың мал көлемінің аймақтық ерекшелігі болғанын, әрі көшпелі мал шаруашылығы басым болған өнірде қалың мал көлеміде жоғары болғандығын дәлелдейді.

Қалың мал көлеміне келісіді «неке келісімі» дейді. Қалың мал келісімін батамен бекітеді. Кей отбасында бата жасауға молда шақырылған. Құдаласу мәсселесін шешуге келген құдалар құрметінс қызың экесі бейге беріп, саюис ұйымдастырып, той жасайды. Той «құда тартыс» ойынымен жалғасады[11, с.45]. Келесі күні қызың экесі құдаларды түйе, жылқы мінгізіп, киіт кигізіп шығарып салған.

Құдаласканнан соң бірнеше күннен соң күйеу жігіттің экесі қызы ауылына «шақыруышы» жібереді. Шақыруышыдан хабар алған қызы экесі, өз ағайындары арасынан таңдал алған құдалармен уәделескен қалың мал мен киіттің бір бөлігін алып кетуге жігіт ауылына келеді. Құдалардың бұл келуі де «құда түсер» деп аталағы. Қызы жақтан келетін құдалар саны әдеттегіден бір-екі адамға кем болған. Күйеу жігіт ауылында да құдалардың келу құрметінен ойын-сауық ұйымдастырылған. Келесі күні «қалың малдың» бір бөлігін беру, яғни «мал беру» рәсімі жасалағы. Құдалар қой алса, қойшыға шапан немесе бірнеше аршын матадан тұратын «тұсақ бау», жылқы алса, жылқышыға «құрық бау» деп аталаған шапан мен жейдеден тұратын сыйлық берген. Құдалар аттанар уақытта күйеу жігіттің экесі ұлын ертіп келіп «күйеу көрімдік» алған. Байлар арасында бұл көрімдік 1 жылқыға тең болған.

Қалың мал беру реті мен тәртібі қазақтың әдеттік құқықтық занында бекітілген. Құдаласу келісімі бұзылған жағдайда кінәлі жақ алған сыйын толық қайтарып, айыпқа «тозыз» төлеген [14, с.129; 3, с.79]. Әйел үстіне алатын қалындықтың қалың малы артық төленетін болған. Атастырылған қызы бойжеткесін басқа жігітпен қашып кетсе, жаңа күйеу бұрынғы жігітке орнына

қалың малсыз қыз немесе қалың мал берген [4, с.58]. Ал, басы бос қыз әкесінің келісімінсіз сүйген жігітімен қашып кетсе, онда күйеу жігіт қыз әкесіне қалың малмен бірге айып төлеген [4, с.61].

Қалыңдық күйеу жігіт ұрын келгеннен соң өлген жағдайда, қалың малының бір белігі төленген соң өлген жағдайда немесе әйелі өлген жағдайда орнына оның сінілісін алатын болса балдыз қалың мал қосып берген. Балдыз қалың мал түйе бастаған тоғыздан тұрган, яғни үш түйе, үш жылқы, үш ірі мал. Өлген қалыңдықтың орнына беретін басқа қызы болмаса, қыз әкесі қалың малын қайтарған. Егер қалыңдық күйеу ұрынке мей тұрып өлсө, онда келісілген қалың мал үстіне балдыз қалың мал төлемеген. Егер күйеу жігіт балдызды алмаймын десе, онда қалың малды қайтарып алу құқығынан айырылған. Егер қалыңдық той алдында қалың малы толық төленген соң өлсө, орнына беретін басқа қызы болмаса, онда қалың мал жасау ретінде қайтарылған. Күйеу жігіт өлсө де осы тәртіп сақталынған, қалыңдық күйеу жігіттің басқа бауырына ұзатылған. Егер қалыңдықтың ата-анасы күйеудің басқа бауырына қызын бермесе, онда қалың малды толық қайтарған [3, с. 87-88].

Қалың малы толық беріліп, қалыңдықтың ата-анасы белгілі себептермен қыз жасауын дайындал үлгірмесе, оларға жасау дайындауға, ал күйеуге құтуге уақыт берілген, егер күйеу күтпеймін десе, онда қалыңдығын жасаусыз алған [3, с. 80].

Қалың мал беруді әulet мүшелері бірігіп көтерген. Н.И.Гродеков: «Жездесі және ағасы әлі келгенше қалың малға өз үлесін қосады» - деген [4, с.114]. Қалың малға ағайын-туыстардың өз үлесін қосуы қазір де жалғасын тауып отырған дәстүр.

Әдettік құқық бойынша, қалың мал қыз әкесіне, егер қалыңдық жетім болса, әкесінің ағайындарының иелігіне берілген, ал ағайындары қалың мал көлемінде сай қызыға жасау беруге міндettі болған [6, с.158]. Қалың малдың толық төленіп болуы әдетте 1-3 жылға кей жағдайда бірнеше жылғасозылған. Қалың мал толық беріліп болған соң қыз әкесі қызы ұзату тойының мерзімін белгілейді. Молда неке қияр рәсімінде куәлер арқылы қыз әкесінен «қалың малы толық берілді ме?, неке қиоға кедергі жоқ па?», - деп сұрайды [13, №155]. Берілген қалың малға қалыңдықтың ата-анасы жасауын дайындаған. Қалың мал көлемінде жасаудың сай болуын әulet үлкендері бақылаған [3, с.78]. Қалың мал көлемінде сай жасауға отау үй ішкі жиһаздарымен, ішкі жабдығымен, күмістелген ер-тоқымды жылқылар, жасау артатын түйелер, қайын жұртына әртүрлі сыйлықтар, ішіктер, шапандар, маталар енген.

Қазақ халқы «қалың малсыз қыз болмайды, кәдесіз күйеу болмайды», - деп қалың малберу рәсімі арқылы, қалың малдың жігіт ауылына жасау болып қайтуы арқылы құдалар арасындағы туыстық қарым-қатынасты реттеп, бекітіп отырған. Кеңестік дәуірдің орнауына орай қалың малға тиым салынды, 30-50 жылдардағы құғын-сүргіні, соғыс, соғыстан кейінгі жылдары алыс-беріссіз батамен қосылды. Қазіргі кезеңде қалың малдың мәні толық өзгеріске енген, құдалар арасындағы кәделік сый-сиапатпен ауысқан.

#### ӘДЕБІЕТ

1 *Азиатская Россия*. Издание переселенческого управления главного управления землеустройства и земледелия. СПб.: В типографии товарищества А.Ф.Марса, 1914. Т.1. Люди и порядки за Уралом. 576 с. + ил.; Т.2. Земля и хозяйство. 638 с. + 11 ил.; Т.3. Приложения, CLIII с.

2 *Алтынсарин И.* Очерки обычаяв при сватовстве и свадеб у киргизов Оренбургского ведомства // Машинописная рукопись. Отдел рукописей и редких книг Национальной библиотеки. Оренбург, 1870. 15 лист.

3 *Баллюзек Л.Ф.* Народные обычай имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона //ЗООИРГО. Вып II. Казан: 1871. С. 45-167.

4 *Гродеков Н.И.* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарынской области. Юридический быт. Т.1. Ташкент: Типолитография С.И.Лахтина, 1889. 205 с.

5 *Диваев А.* Несколько слов о свадебном ритуале киргизов Сыр-Дарынской области. Казань: Типо-литография Императорского Университета, 1900.28 с.

6 *Загряжский Г.С.* Юридический обычай киргиз о различных родах состояний и о правах им присвоенных. О народном суде у кочевого населения Туркестанского края по обычному праву // Ежегодник. МСТК. Под ред. Н.А.Маева. Вып IV. СПб.: 1876. С. 151-203. (210 с.).

7 *Ибраимов И.* Этнографические очерки киргизского народа // Русский Туркестан. Сборник изданный по поводу политехнической выставки. Вып 2-ой. Статьи по этнографии, технике, сельскому хозяйству и естественной истории. Под ред. В.Н.Троцкого. М.: В университетской типографии Катков и К., 1872. С.120-152.

8 *Кустанаев Худабай.* Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. Сочинения воспитанника IV класса Туркестанской Учительской семинарии. Под редакции Н.А.Воскресенского. Ташкент: Типо-Литография Бр. Перцевых, 1894. 52 с.

9 *Лавров М.* Кочевники. Жизнь в киргизской степи. СПб., Типография Альтишулера, 1902. 42 с.

10 *Маковецкий П.Е.* Материалы для изучения юридических обычаем киргизов. Вып. 1. Материальное право. Омск:

Типография Окружного штаба, 1886. 84 с.

11 *Народы России.Киргизы*. Исторический очерк и народный характер. Издание «Досуг и дело», СПб: Типография товарищества «Общественная польза», 1879. 58 с.

12 *Коркыт Ата*. Энциклопедиялық жинақ. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1999. 799 б.

13 *Ф.-Лий*. Свадебные обычаи у киргизов Оренбургского ведомства // Московские ведомости. 1862. №151, 154, 155.

14 Z. Женщины в кочевом быту // Туркестанские ведомости. 1889. №33. 15 августа. С.128-129., №34. 22 августа. С.132-133.

1 *Aziatskaja Rossija*. Izdanie pereselencheskogo upravlenija glavnogo upravlenija zemleustrojstva i zemledelija. SPb.: V tipografii tovarishhestva A.F.Marsa, 1914. T.1. Ljudi i porjadki za Uralom. 576 s. + il.; T.2. Zemlya i hozjajstvo. 638 s. + 11 il.; T.3. Prilozhenija, CLIII s. (in Russ).

2 *Altynsarın I*. Ocherki obychaev pri svatovstve i svadeb u kirgizov Orenburgskogo vedomstva // Mashinopisnaja rukopis'. Otdel rukopisej i redkih knih Nacional'noj biblioteki. Orenburg, 1870. 15 list. (in Russ).

3 *Balljuzek L.F.* Narodnye obychai imevshie, a otchasti i nyne imejushchie v Maloj Kirgizskoj orde silu zakona //ZOOIRGO. Vyp II. Kazan: 1871. S. 45-167. (in Russ).

4 *Grodekov N.I.* Kirgizy i karakirgizy Syr-Dar'inskoj oblasti. Juridicheskij byt. T.1. Tashkent: Tipo-litografija S.I.Lahtina, 1889. 205 s. (in Russ).

5 *Divaev A.* Neskol'ko slov o svadebnom rituale kirgizov Syr-Dar'inskoj oblasti. Kazan: Tipo-litografija Imperatorskogo Universiteta, 1900. 28 s. (in Russ)

6 *Zagrjazhskij G.S.* Juridicheskij obychaj kirgiz o razlichnyh rodah sostojanij i o pravah im prisvoennyh. O narodnom sude u kochevogo naselenija Turkestanskogo kraja po obychnomu pravu // Ezhegodnik. MSTK. Pod red. N.A.Maeva. Vyp IV. SPb.: 1876. S. 151-203. (210 s.). (in Russ).

7 *Ibragimov I.* Jetnograficheskie ocherki kirgizskogo naroda // Russkij Turkestan. Sbornik izdannyj po povodu politehnicheskoy vystavki. Vyp 2-oj. Stat'i po jetnografii, tehnike, sel'skomu hozjajstvu i estestvennoj istorii. Pod red. V.N.Trockogo. M.: V universitetskoy tipografii Katkov i K., 1872. S.120-152. (in Russ).

8 *Kustanaev Hudabaj*. Jetnograficheskie ocherki kirgiz Perovskogo i Kazalinskogo uezdov. Sochinenija vospitannika IV klassa Turkestanskoy Uchitel'skoj seminarii. Pod redakcij N.A.Voskresenskogo. Tashkent: Tipo-Litografija Br. Percevyh, 1894. 52 s.(in Russ).

9 *Lavrov M.* Kochevniki. Zhizn' v kirgizskoj stepi. SPb., Tipografija Al'tshulera, 1902. 42 s.(in Russ).

10 *Makoveckij P.E.* Materialy dlja izuchenija juridicheskikh obychaev kirgizov. Vyp. 1. Material'noe pravo. Omsk: Tipografija Okruzhnogo shtaba, 1886. 84 s. (in Russ).

11 *Narody Rossii. Kirgizi*. Istoricheskij ocherk i narodnyj harakter. Izdanie «Dosug i delo». SPb: Tipografija tovarishhestva «Obshhestvennaja pol'za», 1879. - 58 s. (in Russ).

12 *Korкyt Ata*. Jenciklopedijalyk zhinaq. Almaty: «Қазақ jenciklopedijasy» Bas redakcijasy. 1999. 799 b.(in Kaz).

13 F.-Lij. Svadebnye obychai u kirgizov Orenburgskogo vedomstva // Moskovkie vedomosti. 1862. №151, 154, 155. (in Russ).

14 Z. Zhenshhiny v kochevom bytu // Turkestanskievedomosti. 1889. №33. 15 avgusta. S.128-129., №34. 22 avgusta. S.132-133.(in Russ).

**Картаева Таттигул Ерсайыновна**

## **РОЛЬ КАЛЫМА ПРИ СВАТОВСТВЕ У КАЗАХСКОГО НАРОДА**

КазНУ им. аль-Фараби.Казахстан, г.Алматы

### **Аннотация**

По казахским обрядам – калым – это плата за невесту, состоящая из большого количества скота. В обмен на полученный калым родители невесты готовили приданое, сакукеle невесты и принадлежности для той. Приданое должно было соответствовать размеру калыма. Отдавали дочь замуж только после полной уплаты калыма. Калым состоял из нескольких частей, таких как: бас жақсы – самый лучший домашний скот, қара мал – платимый женихом при самом сватовстве, жанама жақсы – лучший скот, ілу – плата с жениха за первое посещение невесты, той малы – скотина, употребляемая для праздника, сүт ақысы – плата за материнское молоко. О размере калыма условливались во времена куда тусу, что подтверждалось молитвами. Размер калыма определяли по состоянию жениха, для малоимущих устанавливали меньший размер калыма и они назывались балама калым, дөңгелек калым. Размер калыма, его передача, условия расторжения соглашения о калыме и его возврат утверждались по закону права– адат.

**Ключевые слова:**Размер калыма, сватовство, приданое невесты, условия брака.

Tattigul Kartaeva

## **ROLE OF KALYM IN KAZAKH'S MATCHMAKING**

al-Farabi Kazakh National University. Kazakhstan, Almaty.

## Abstract

According to the rite of the Kazakhs kalym is price for bide, consisting of many cattle. The bride's parents to the received kalym, prepared dowry of the bride, bride' ssaukeleand accessories for toy. Dowry was to match the size of kalym. The daughter gave in marriage only after full payment of kalym. Kalym consisted of several parts as bas zhaksy – the very best cattle, kara mal – payment of the fiancé at matchmaking ceremony, zhanamazhaksy - best cattle, ilu - payment for the bride's first visit , toy maly – cattle for feast, sutaksysy - payment for mother's milk. At the time kudatusu determined the size of kalym, which confirmed prayers. Size of kalym determined as the groom's household, size of the kalym for poor grooms was smaller and they were called balama kalym, donegelekkalym. Size of kalym, its payment, conditions of cancellation of the agreement, and kalym' srefundapproved by adat law.

**Key words:** size of kalym, matchmaking, dowry of the bride, the marriage condition.

### **Автор туралы мәлімет.**

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры міндеттін атқарушы, тарих ғылымдарының кандидаты.